

мәдени стереотиптердің қақтығысына әкелді. Дәстүрлі мәдени басымдықтардың бұзылуына алып келген толеранттылықтың құндылығы туралы мәселе туындады.

"Толеранттылық" ұғымы нақты түсіндірілмеді және әлі күнге дейін көптеген зерттеулердің тақырыбы болып табылады. Қиындықтардың бірі-бұл тұжырымдаманың мәнін бірыңғай анықтаманың болмауы. Қоғам өмірінің әртүрлі салаларында толеранттылықтың көрінісіне көбірек көңіл бөлінеді. Демек, бұл тұжырымдаманың әртүрлі түсіндірмесі пайда болу нәтижесінде плюралистік қоғам шеңберінде толеранттылықты түсінудің жана тәсілдері жасала бастады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Магомедова М.З. Толерантность и интолерантность как факторы единства и различий многообразного мира / М.З. Магомедова // Ксенофобия и другие формы нетерпимости: природа, причины и пути устранения // Международная научно-теоретическая конференция. – СПб.: Изд-во С-Петер ун-та, 2007.

2 Абдрасилов Т.К. Толеранттылық қ түсінігі / Т.К. Абдрасилов // Молодой ученый. – 2018. – № 5.1(191.1).

КҮЙ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ҰЛТ МЕНТАЛИТЕТІ

Аралханов Б.О

аға оқытушы

философия кафедрасы

С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ

Астана қ.

Калдыбеков Е.Г.

аға оқытушы

философия кафедрасы

С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ

Астана қ.

Қазақ философиясының мазмұндық құрылымында ерекше орын алатын халықтық күй өнерінің ұлттық менталитетті қалыптастырудағы маңызы зор.

Күйшілік өнер - ұлттық дүниетаным көзқарасының өзегі. Ол - қазақ халқының өзіндік санасы мен болмыс-бітімінің қалыптасуына ықпал еткен мәдени құбылыстардың бірі.

Егемендік алғаннан бастап, қазақ философиясы мәселесіне жан-жақты зерттеулер мен талдаулар жүргізіліп келеді. Соның ішінде,

этникалық рухани кеңістіктегі күй өнеріне тереңнен зер сала зерттеу бүгінгі философия ғылымында қарастырылуға тиіс күрделі де, келелі мәселенің бірінен саналады.

Күйшілік өнер - ұлттық мәдениетіміздің қалыптасуындағы қайнар бұлақ. Осы себепті ол қазақ халқының дүниелік таным-түсінігіне ықпал етіп, мәдени құндылығына айналған. Егер де күйшілік өнердің қазақ халқының мәдени даму шеңберінде алатын орнын сараптайтын болсақ, онда оның ұлттық негізіне, рухани тіршілігіне тоқталмай өту мүмкін емес. Осындай ойдың негізінде ұлт ретінде өзімізді тану, сезіну, қабылдау сияқты түсініктер жатады. Нәтижесінде ұлттың қадір-қасиетін, оның рухани дүние байлығының өзегіне айналған күй өнерінің табиғатын тануға деген мүмкіндіктерін танимыз. Қарастыратын тақырыбымыздың өзектілігі осы тұстан анық көрінеді.

Халықтың өз егемендігіне қол жеткізген уақытында күрделі тарихи-мәдени сілкіністерді басынан өткергеніне куәміз. Бұл тек қана әлеуметтік- экономикалық өмір салтымыздың сілкінісі емес, сонымен бірге, мәдени-рухани болмыс-бітіміміздің сілкінісі, жаңғыра түлеуі. Егер де дәл қазіргі уақытта осы бір сілкіністі терең ұғынып, халықтың сан ғасырлар бойы орнықтырған рухани дүние байлығын бүгінгі ғылыми уақыт көшіне жалғастыра жаңғырта алсақ, ең басты мәселе осы болмақ. Халық өз болмысын тереңірек танып-түстеу үшін, барлық күш-жігерін басшылыққа алуы шарт. Себебі, рухани кемелділік қана ұлттық болмыс-бітімді орнықтыра алады. Рухани кемелділік қана шынайы талғам мен танымның өрісін кеңейтеді. Сондықтан да, ұлттық менталитет ұғымының философиялық тұрғыдан қарастырылуы өзекті мәселе ретінде пайымдалды.

Күй өнері - қазақ халқының рухани мұрасы, сондықтан оның танымдық көзқарастары «Мәдени мұра» бағдарламасы тарапынан да өзекті мәселе мәртебесіне ие болып отыр. Себебі, халықтың мәдени-рухани құнды мұрасын, өзіндік рухы биік дүниесі ретінде бүгінгі ұрпаққа танытуда, оны ұғымдық, қызметтік, тәрбиелік деңгейлерде зерттеудің, оларға ғылыми түсініктемелер берудің маңызы айтпаса да белгілі.

Қазақ ұлтының менталитетінің қайнар бұлағы болып табылатын күй өнері халықтың тарихи-әлеуметтік тіршілігіндегі қоғамдық санасының құрамдас бөлігі, архетиптік дүниетаным негізі ретінде танылады. Осы мәндегі өнердің ұлттық менталитетке, этномәдениетке қатынасы және оның ғылыми негіздеріне әдістемелік тұрғысынан еңбектер жазған М. Орынбеков, Ғ. Есім, А. Қасабек т.б. ғалым-философтарды айтуға болады.

Көптеген ғалым-философтар өз еңбектерінде қазақы менталитеттің көріністері ретінде ақындықты, шешендікті, жыраулықты т. б. құбылыстарды атап өтеді. Д. Кішібеков ұлттық менталитеттің

қалыптасуына әлеуметтік ортаның орны ерекше екенін айтып, «күйші - жеке тұлға ретінде өзіндік философиялық ой-толғаныстары арқылы, адам тіршілігінің мәні туралы дүниетанымдық көзқарастар қалыптастырған» дейді. [1, 47 б.]

Ұлттық менталитет тұрғысындағы Б.Ә. Оразалиевтың «Ұлттық менталитеттің қалыптасу үрдісіндегі қазақ күй өнері» монографиясында батыстық ой-пікірлер постмодернизм аясында қалыптасқан номадологиялық ділге негізделген көзқарастарды атап өтті. Мысалы, Ж. Делез бен Ф. Гваттари номадалық менталитет туралы: «Олар жағада тұрып өзен ағысын тамашалаумен шектелмейді. Ол сол ағысымен бірге қосылып ағады», яғни қазақ халқының дүние туралы көзқарасы, сол дүниемен бітісіп кеткен үжен кеңістіктегі жолдармен бірге қозғалады дегендей пікір тудырады [2, 7 б.].

Күй өнеріндегі этикалық, экзистенциалдық, аксиологиялық негіздер деңгейіндегі ізденістер соны сүрлеу, кейінгі кезде ғана қанат жая бастаған мәселе. Мұндай ізденіс талаптары мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының мазмұнын кеңейте түсетіні анық.

Ұлттық идеяны саз-сарынмен суреттеген күйлер халықтық қасиеттерді түрлі қағыстық өрнектермен әсем көрсете білді. Сондықтан да, күй өз дәуірінің дүниетанымдық негіздеріне орайласа қалыптасқан психологиялық немесе ділдік көрінісіне табан тіретеді. Эпикалық дәуірден негіз алған шамандық қасиеттердің негізіндегі күйлердің, шамандық дүниетанымды бейнелеген, рулық-тайпалық жүйе орнына хандық идеология негізі орныққанда батырлық қасиеттерді дәріптеген күйлерді, мифологиялық кезеңге лайықты аңыз- күйлердің де өзіндік танымдық қасиеттері барлығы қамтылды. Мифология мен эпостық негізге арналған күйлерден халықтың қарабайыр тұрмыс тіршілігін суреттейтін дүниетанымдық түсініктері анықталды. «Шыңырау» деп аталатын күйдегі басты идея дүниенің жоғарғы, төмен күштері туралы таным және оның рәміздік қуаттары сипатталады. Дала жануарларына арналған күйлер негізінде де ертедегі сақ, ғұн кезеңдеріндегі жануарлық сымбат (звериный стиль) үлгісі мазмұндас күйлердің дүниеге келуі (сезімталдық) эмоционалдық табиғат құбылыстарын пайымдау үлгісінің дәстүрлі көрінісі екені анықталды.

Қазақ халқының күй өнерінің тарихи қалыптасу кезеңдері талай-талай асу-белдерден өтіп, қилы тағдыр шырғаландарына куә болған. Яғни, қазақ халқының төл өнері күйдің санмыңжылдық тарихы бар, олай болса, халықтың өзіндік ділдік негізін орнықтыруда шешуші рөл атқарған күй өнерінің мәні мен құпиясы терең деп тұжырым жасай аламыз. Күй халықтың қалыптасу кезеңдерімен бірге жасасып, әр кезеңнің өз қасиеті мен дүниелік танымын бойына сіңіріп, қазақтың өзіндік кескін-келбетін түзеген. Күй өнерінің тарихи, тегі мен қалыптасу

кезеңдері, болмыс-бітімі халықтың тегі мен болмыс-бітіміне негіз болған деп тұжырым жасалынды [3, 8 б.].

Күй өнері - халықтың өзіндік ұлттық ерекшелігін танытатын құбылыс. Күй өнері арқылы қазақ халқының басқа ұлттардан айырмашылығын айғақтайтын, өзінің дара болмыстық келбетін танимыз. Яғни, күй «ұлттық менін» таныта алады.

Күй өнерінің тарихы - халық тарихы. Күй өнерінің сезімдік түйсігі мен ойлау қабілеті байыпты іс ойлылыққа жетелейді. Сезім - дүниені танып- түстеудегі зерделілікті көрсететін қабілет. Адамға ақыл-ой, білім тәжірибесі қаншалықты қажет болса, сезімдік қабілет те соншалықты қажет. Сезімдік тәжірибе адамды парасаттылыққа, көркемдікке, сұлулыққа тәрбиелеп, ізгілендіреді. Бұл бөлімшеде тақырыпты тереңдете ашу мәселесімен «өнер», «күй», «қоңыр үн» сияқты ұғымдарға тоқталып, бұл ұғымдардың қазақ дүниетанымында, дүниеге көзқарастарындағы ішкі түйсіктік, қуат көзі сезімдік импульстарының терең болатынын түсіндіруге тырыстық. Күй туралы мұндай тұжырымдар сана мен ойдың сезімдік құбылыстарымен тұтасқан бейнелерімен ғана ұштасып барып, дүниені тану түсініктерімен байланысы барлығын көрсету үшін қажет болды.

Күй күмбіріндегі қоңыр үнмен шертілген саз-сарын, адамның ішкі дүниесі көңіл-күйімен астасып, сол арқылы сұлулықты, көркемдікті, сүйіспеншілікті танытып, оны құрметтеуді, оған тәнті болуды үйретеді.

Күйге негіз болмаған өмір құбылысы жоқ. Табиғат, туған жер, туған ел, жан-жануарлар дүниесі мен адамдардың көңіл-күйі, тарихи оқиғалар т. б. Сондықтан да күй өнерінің бұл қасиеті халықтың бүкіл тағдыр-талайынан сыр айтып, сырлы әуезді әлем шежіресіне жетелейді.

Кез келген күйдің оқиғасы мен тарихы халық тағдырымен сабақтасып, оның сезімдік пен сұлулық құбылысын айғақтап, парасаттылық деңгейін анықтап жатады.

Толғану - жан дүние сырының сезімдік қозғалысы. Толғанумен дүние сырын ұғынып, оны сазбен өрнектеу, руханилықтың биік шыңы. Күймен толғану - философиялық ойдың жемісі. Бұл нағыз шынайы құбылыс. Күмбірлеген күй өнерінің иесі, өзінің жанын толғантқан дүние құбылыстарын күймен күмбірлетіп, жанының сыздап ауырған толғағын шертіп күйімен сырласқан. Сондықтан да күй өнеріндегі ой-толғауларды философиялық зердемен тану, халық болмысының күрделі ділдік болмысын танытатын бұлақ көзі деуге болады.

Ұлт тағдырына байланысты сүбелі ой-пікірлер айтып, халықтың тағдырына жанашырлық танытқан М. Әуезов өз кезегінде «бесігінді түзе» деген мәдени-философиялық тақырып жасайды. «Бесігін түзей алмаған халықтың болашағы жоқ. Бесікті түзеу, қазіргі айтып жүрген ұлттық менталитет (ділді) сақтаудың басты жолы. Бесікті түзеу - дүниетанымдық бағыт» дейді Ғ. Есім өзінің еңбегінде [4, 110 б.].

Қорытындылай келе, күй өнері – ұлттық дүниетанымды қалыптастырушы, ұлттық мәдениет байлығын зерделетуші, сонымен қатар ұлттық идеологиямызға ұлттық ділімізді дарытатын тетік ретінде де қызметі ерекше. Осыған орай келешек ұрпақтың рухани мәдениетін тереңдетіп, дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырып, күйшілік өнердің табиғатын танып, өзіндік «менің танып, ұлттық мақтаныш сезімдерінің оянуына үйтқы болатындай ықпалын сезінуіне әсерін тигізіп жатса, мақсатымыздың орындалғаны.

Тәуелсіздік талаптарына сай өзіндік ұлттық ділді қалыптастыру, рухын биіктету үшін күй өнері туралы толық білімнің мәні құнды. Сондықтан өнерлікпен өмір салтын қалыптастырған қазақтың кемелділікке жету жолындағы рухын орнықтыратын күйді зерттеп, насихаттау – заман талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең / Д. Кішібеков. – Алматы: Ғалым, 1999. – 200 б.

2 Оразалиев Б.Ә. Ұлттық менталитеттің қалыптасу үрдісіндегі қазақ күй өнері \ Б.Ә. Оразалиев. – Алматы, 2009. – 30 б.

3 Бурбаев Т. Ұлт менталитеті / Т. Бурбаев. – Астана: Елорда, 2001. – 34 б.

4 Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы / Ғ. Есім. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 110 б.